

# Тұғыры биік мереке

## Егемендік құрдасы Жарқын Сүлейменов



Еліміз Тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап 25 қазан – Республика күні болып тойланып келген еді.

Алайда бұл күн мемлекеттік мерекелер тізімінен 2009 жылы алынып тасталды.

Ел болып бұл күнде ортақ Отанымыздың қадір-қасиетін айқындап, әлемге паш етіп, мерейлі мереке ретінде атап өтетін.

Бүгінде мерекелік күнтізбеге тұғырлы мерекеміз қайта еніп, Республика күні ерекше аталып өтуде.

Осы орайда, мереке аясында ауданымыздың тұрғыны, егемендіктің төл құрдасы Жарқын Сүлейменов жайлы сыр шертпекпіз. Жарқын Жангелдіұлы арадақты әке, ұлағатты ұстаз әрі өз ортасында беделді азамат.

Мен 1991 жылдың 2 сәуірінде Ақмола облысына қарасты Жақсы ауданының Терісаққан ауылында дүниеге келіп, сол өңірде өсіп-өнгем. Ауылдағы 11 жылдық мектепті аяқтаған соң, Көкшетау қаласындағы «Көкше» академиясына, дене шынықтыру, спорт және туризм мамандығына оқуға түсіп, жақсы нәтижемен аяқтадым. 2013 жылы киелі Меңдіқара жеріне отбасымызбен



Жастарға үлгі боларлық маман Жарқын Сүлейменов

қоныс аударған болатынбыз. 2021 жылы шаңырақ көтердім, қазіргі таңда жұбайым Ализа екеуміздің Риза есімді ұлымыз бар, - деді Жарқын Сүлейменов.

Егемендіктің төл құрдасы Жарқын бүгінгі таңда Боровской облыстық мектеп-интернатында дене шынықтыру мұғалімі болып жұмыс жасайды. Облыс, аудан төңірегіндегі спорт, мәдениет, білім саалсының дамуына өз үлесін қосып жүрген жандардың бірі.

Оқуды бітіріп, қола диплом ұстаған жас маман еңбек жолына ерте араласып, ата-анадан көрген тәлім-тәрбиенің арқасында өз ортасында беделі мен сыйластығын жоғалтпаған.

Отбасымызда 6 ағайындымыз. Қазіргі таңда барлығыда бір-бір шаңырақ иелері. Ата-

анамыздан алған тәлім-тәрбиенің арқасында біраз жетістіктерге жетіп, өз ортамызда сыйластығымызды жоғалтпаған жандармыз. Балаларының қамы үшін аянбай еңбек етіп, бізді аяққа нық тұрғызған ата-анам алғысын шексіз, - дейді Жарқын Сүлейменов.

Егемендіктің төл құрдасы аудан тұрғындарын мәртебесі биік мерекемен құттықтайды. - Барша Қазақстандықтарды келіп жеткен Республика күнімен құттықтаймын. Айтулы мерекеміздің күнтізбеге қайта енгеніне өте қуаныштымыз. Тарихы тереңде жатқан маңызды мерекелердің бірі және бірегейі Республика күні. Бұл көп ұлтты мемлекетіміз үшін айтулы күн, - деді Жарқын Жангелдіұлы.

Ата-бабамыз аңсап кеткен егемендіктің туы мәңгі желбі-

ресін деген тілектеміз. Біраз уақытқа мемлекеттік мерекелер тізімінен жоғалып кеткен, мерекеміз бытырғы жыдан бастап тойланып жатыр, өте қуаныштымыз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп тілейміз.

Қазақстан – көп ұлтты бауырына басқан, татулық пен ынтымақты ту еткен бейбіт сүйгіш ел. Қазіргі күнде елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Сондай-ақ, алуан түрлі ұлттың мәдениеті мен ғұрпын тоғыстырған кең байтақ өлке. Бұл Егемендігіміздің арқасында. Егемендігімізден еш уақытта ажырамай, кең байтақ, дархан даласы бар еліміз көркейе берсін. Тұғыры биік мерекеміз құтты болсын.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА